Общество осознает потребность своих работников и в текущем году на месторождении Каламкас планируется завершить строительство спортивно-досугового комплекса, сдана и вводе в эксплуатацию обьекта на 50 мест и в районе старого вахтового поселка, выданы еще одно общежитие и столовая на 250 мест.

Что же касается месторождения Жетсай, то в 2012 в районе ЦНПГ-2 планируется строительство столовой на 250 мест и общежития на 50 мест.

Еще одна столовая на 75 мест будет построена на базе БМТС в Актыу.

По линии медико-санитарных услуг. На сегодняшний день медико-санитарная часть АО «Мангистаунайгаз» оказывает медицинскую помощь по 18 направлениям, и услуги в сфере профилактической диагностики. Достигнута значительное улучшение показателей временной утраты трудоспособности. Так случаи временной нетрудоспособности на 100 работающих о. с. в 1,6 в 2004 году снизились до 32,8 в 2011 году. Смертность работников имеет четкую тенденцию к снижению.

Удалось обновить парк медицинского оборудования; приобретены современные ультразвуковой сканер, пресса для гистологических исследований, электрокардиографы со стрипометрией. В арсенале врачей появились новые услуги по проведению необходимых для полноценного обследования больных лабораторных анализов.

Вместе с тем, в этом году будет решен вопрос об организации сервисных палат в Мангистаунайгазской областной больнице и Областном перинатальном центре.

В 2012 году наша Компания продолжает реализацию своих социальных программ. В общей сложности на оказание спонсорской и материальной помощи, проведение спортивных и культурно-массовых мероприятий планируется затратить на 137,56% больше чем в 2010 году. Продолжается ремонт автодороги Актыу-Каламкас.

За три года на капитальный ремонт ДОЦ «Алау» было выделено 1 млрд. тенге бюджетных средств Общества.

В заключение, стоит отметить, что являясь основой ответственной экономики, нефтегазовая промышленность обеспечивает реальную основу для выполнения многочисленных социальных программ, роста благосостояния населения Казахстана. Хочется поблагодарить наших специалистов, чьи знания, трудолюбие, компетентность и ответственность являются надежной гарантией достижения качественно новых результатов социально-экономического развития страны.

Применение самых современных технологий, творческий, инновационный подход в решении производственных и социальных задач, высокий профессионализм наших сотрудников, позволяют с уверенностью смотреть в будущее, расширять географическую деятельность и стремиться к новым рубежам!

Президент АО «Мангистаунайгаз»



ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ: өркендеу мақсатындағы әріптестік



Әділхан Сағи, геология және кен орындарын пайдалану департаменті жобаны әзірлеу бөлімінің аға геологы



«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясын қарайтын қазіргі таңда 15 кен орны бар. Жердің терең қабаттарынан қара алтынды игеру оңайлыққа соқпайды. Осыған байланысты «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы Қытай Ұлттық Мұнайгаз Корпорациясымен кадр мәселесі бойынша біліктіліктерін жетілдіру және тәжірибе алмастыру мақсатында Қытай еліне геология және кен

орындарын пайдалану департаментінің атынан барған едім. Алғашқы рет 18 адамнан құралған әр түрлі саладағы кадрлар, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз», «Атыраумұнайгаз» және «Степной Леопард» қызметкерлерінен құралған бір топ мамандар болып бардық.

Аэропорттан бізді CNPC Қытай компаниясының өкілдері қарсы алды. Пекин қаласында тыңдаған тақырыбымыз – перфорация және ұңғы колонкасын коррозия басуы, яғни коррозиялар және оған қарсы қолданылатын технологиялар туралы пікір алмастық. Бұл тақырыптар біз үшін өте қызықты болды.

Сонымен қатар, жер қабатын жоғарғы қысыммен жару технологиясы туралы да ой-пікірлер айтылды. Аталған технологиялар жөнінде біздің «ММГ» АҚ және Қытай CNPC компаниясының өкілдері жоғары деңгейде пікір алмасты.

Келесі бағытымыз бойынша біз мұнайлы елге Шяньцзянь қаласына бардық. Жаңадан бой түзген жатқан қалада құрылыстар жүріп жатса да, ете таза және көшелері көркем екен. Ляохой кенторында, оның мұнайды кененді дайындау және айдау цехында болдық. Бұл цехта мені таңқалдырғаны – төртін және тазалыққа көп көңіл бөлінетіндігі болды. Бүкіл процесс, күнделікті жасалатын отырған жұмыс бағыттары түгел автоматтандырылған. Осы кен орындағы мұнай сапасының ғылыми қызметкерлері әр түрлі тақырыпқа байланысты біздерге ақпараттар берді. Мысалға, ұңғыдағы жер қабатын жоғарғы қысыммен жару және мұнай өнімділігін арттыру, кенорындағы колонна аралық бұзылуды оқшаулау технологиясы және колонна сыртындағы ағынды жою туралы.

Осы тақырыптарға байланысты мәселелерді біз күнделікті жұмысымызда қолданып жүрсек те, олардың жоғарғы технологиялары жағы мен жетістіктері де байқалды. Осы алынған материалдарды және пікірлерімізді болашақта да өндірісте пайдалануға жаратамыз деп ойлаймын.

Сапарымыздың келесі пункті Далинь қаласына да келіп жеттік. Бұл қаланың табиғаты өзіміздің Кокшетау жеріне келеді екен. Курортты мекен әрі көшелері теректермен көгалдандырылған әсем қала екен.

Тәжірибе алмасу сапарымыздан мен көп нәрсе алдым. Болашақ жұмысыма пайдасы тиері анық. Осы үшін де компанияма айтар алғысым шексіз. Оқу, үйрену, тәжірибе алмасу курстары алға қарай да жалғасын таба берейі деп ойлаймын.

Айтуаров Жанбоз – «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының бірінші орынбасары



Қытайға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Атыраумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінен құралған 16 адамнан тұратын топ болып 8-ші мамыр күні ұшып бардық.

Пекиннің үлкен аэропортында бізді қытайлық әріптестер жақсы жылы шыраймен қарсы алды. Келесі күні сағат 14:30-да «сұнай» мамандығы бойынша курстың ашылу салтанаты болды. Біз онда «Бұрғылау тесу технологиясы мен тот басудан қорғау» тақырыбында қытай мамандары лекция оқыды.

Содан кейін Қытай Ұлттық

мұнайгаз корпорациясының технологияларды жетілдіруші тобының өкілдеріне кенорындағы коррозиялар және оған қарсы қолданылатын әрекеттер бойынша тәжірибе алмасу жүргізілді.

11 мамыр күні Пекин вокзалынан жүздек пойызбен «Паньцзинь» қаласына төрт сағатта жеттік. Бізге жол көрсетушінің айтуы бойынша бұл мұнайлы қалада 1 млн. 300 мыңдай адам тұрады екен. Бізді таң қалдырғаны қала айналасы арасы 2-3 метрден жұмыс жасап тұрған тербелмелер болды.

12 мамыр күні «Паньцзиньде» бізге қытайлық мамандар сұғымалағы құбат қысымғы тігінер және көлденеңінен жару» химиялық оқшаулау жөнінде лекция оқыды.

Содан кейін «Ляохой» кенорына барып мұнайды кененді дайындау және айдау кәсіпшілігінде болдық. Бұл жерде байқанымыз кәсіпшілікте тазалық төртінгі басты назарда екені байқалды. Содан кейінгі біздің сапарымыз курортты, әдемі Далинь қаласы болды. Бұл жерде экскурсияға барған жерлеріміз «Теміз парк», «Лаохугуай» зоопаркі, «Ляохуашу» кемешайы.

Үш күндік сапардан соң жақсы әсермен «Пекин» қаласына оралдық. Бұл жерде бізге оқып тәжірибе алмасу нәтижесінде «Үздік білікті кетеру курсынан өту туралы» диллом табыс етілді. Осылайша 18 мамыр күні Ақтау қаласына оралдық.



Көшкінбаев Талан Төлөнұлы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ ҒЗБӨЖЦ физико-химиялық лабораториясы пехы бастығының орынбасары



Біздің топ 18 адамнан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Атыраумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінен құрылды. Алматы арқылы Пекин қаласына ұшып бардық. Әуежайдан ҚУМК өкілдері күтіп алып қомақ үйге орналастырды. Ертеннен бастап 3(үш) күн, орналасқан қомақ үйінің конференс-залында TONG OIL TOOLS қызметкерлері ұңғыға перфорация жасу әдістерімен, жер қабатын

қысыммен жару және коррозияға қарсы қолданатын әдістермен таныстарды. Сапардың бесінші күні жедел пойызбен Пекиннен 400 км жердегі Паньцзинь деген қалаға үш сағатта бардық. Паньцзинь біздің Жаңа-Өзен сияқты мұнайшалардың қаласы деп аталады, бірақ мұнайшылардан құрылысшылар көп екен. Қаламыз 28 жылда тұрғызылты, жобамен 1 300 000 тұрғыны бар. Паньцзинь төңірегінде 10 кенорының игеріп отырған мұнай көлемі 15 000 000 тонна. Ляохэ кен-орнына апарып МДАЦ-мен таныстырдым, технологиясының біздің технологиядан айырмашылығы қара жер жоқ, тал және гүл өсініп, толықтай көгалдандырылған. Ұңғылар бұталы әдіспен қазылған, 50м x 50м алаңның үстінде 5 ұңғыдан жасап тұр, сондай бір-неше алаңдардың арасына халық күріп өсіп тастаған, ұңғы арасына өгіп ежесін тазалық қандай екенін айту артық болар. Паньцзинь қомақ үйінде оқу курсы Туха мұнай университетінің өкілдерімен жалғастырдық, бұзылған колонналарды жөндеу және суланып кеткен мұнай қабатын қалпына келтіру әдістерімен таныстырдық. Сөйтші 7 күн біліктілігімізді көтеріп, сапардың мәдени-танымса бағдарламасына көшіп Далинь қаласына кеттік. Далинь қаласы Ляодунь жартыаралының ішкі бетінде орналасқан, Солтүстік Қытайдың теңіз жақтасы. 1945 жылы Кеңес Әскері Жапондардан тартып алып, 10 жыл теңіз әскери база есебінде пайдаланып, 1955 жылы Қытай Халық Республикасына КСРО үкіметі ақысыз беріп жіберген екен. Қазір Далинь 6 млн тұрғыны бар үлкен кәсіби-сауда-

туристік қала, 2 күн турист болып океаноариумде түрлі мұхит балықтары мен жәндіктерін қызықтап, мұхитта қатер мен қалдырып және Порт-Артур деген қамалға бардық. Сапарымыздың 9 күні Пекин қаласына қайтып оралып, Ұлы Қытай қорғанына барып қызықтадық.

Қытайда болып жатқан құрылыстардың көлемі таңқалдырды, барған және жол бойында көрген елді мекендердің барлығында тұрғын үйлер салынып жатыр, өкімдердің жасаған жұмысының бірінші көрсеткіші

халыққа тұруға берілген тұрғын алаңның көлемі.

Тағы да бір таң қалдыратын Қытайда көлік жүретін жолдардың сапасы, жол түйіндері, МАИ қызметкерлері (инспектордың көлік тоқтатып тұрғанын 10 күн де бір рет көрдік), жүргізушілердің көлік жүргізу тәрбиесі (10 күнде текетіресіп тұрған не бір-бірін балағаттап тұрған адам көрмедік).

Сөз соңында бізді жылы қарсы алған биіктер мен мырзаларға ризалығымызды айтқым келеді.



Қаламқас кеңорны



– Мен 1956 жылдың 24 ақпанында Таушық ауданында дүниеге келдім. Осы ойды мекендеген кешке жары ұрпақтарымыз, Маңғыстаудың байырғы тұрғынымыз. 1966 жылы Шетпеге көшіп бардық. Әкем Өрісбай 1926 жылғы, көп жылдар Шетпеге доротдел (жер бөлімі) деген болды, сонда істеген. Шешем Ахметова Алай әйгілі Қашағанның немересі. Ол кісі де қызметте болған, сол Шетпегедегі бетон

заводында есепші (бухгалтер) болды. Әке-шешеміз сол ертеректен өндірісте араласқанын жерде, біздерге, балаларына өндіріс таңсық болған жоқ. Отбасында 8 бала болдық – 4 ұл, 4 қыз. Мен Шетпегедегі 2-ші орта мектепті 1974 жылы бітіріп, Алматыдағы дене тәрбиесі институтына оқуға түстім. Сол кезде 1 курстан соң әскер қатарына алып кетті. Екі жыл борышымызды өтеп, аушқа қайттық. Бұл 1977 жыл еді.

ЕДІЛДІҢ СУЫН АҒЫЗҒАН...

13 өнімді қабақтан тұратын және 510 миллион тонна баланстық қоры бар Қаламқас кеңорны 1979 жылы пайдалануға берілген кезде су мәселесі Еділдің суын тарту арқылы шешілген болатын. Біздің әңгімеге тартқан, кеңорынның су мәселесімен тікелей айналысатын учаскесінің машинисі, жерлесіміз Ислам Нұрболатов мұнай саласында 1995 жылдан жасап келеді.

Келесін Алматыдағы оқуымды жалғастырмай, Атырау пединститутына ауысып кеттім, сырттайына. Сырттай оқи жүріп, Шетпегедегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы, одан кейін 5-ші СІТУ-да дене тәрбиесі мұғалімі, содан кейін аудандық спорткомитет төрағасы болып қызмет жасадық. Отбасылы болдық, балалар өсіп келе жатты. Осының бәрін ескеріп, 1995 жылы мұнай саласына басыбайлы ауыстым. Бюджет саласы мен өндірістің айырмашылығын өзіңіз білесіз. Бала-шаға қампымен сөйтіп өндіріске кеттім. Содан бергі 17 жылдан бері осы Қаламқастамын. Қазір «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының су және жылумен қамту учаскесінде сорап қондырғыларының машинисімін, – деп Ислам ағамыз өз өмірінен баяндады.

Аталым учаскенің негізгі мақсаты – бүткіл кеңорынның суға деген сұранысын қанағаттандыру болып табылады. Бұл жерде тұрбалармен келіп жатқан Еділдің суы тазартылады. Оның құрамы жігі бақыланды. Күніне 3 мезгіл анализ алынады – таңғы сағат 7-де, сосын 11-де және түс қайта сағат 5-те. Екі сораптар, қондыр-

ғылар тозағы жетіп, қазіргі таңда акционерлік қоғам басылымы су учаскесіне жаңа ғимарат салып жатыр. Оның ішінде жаңа фильтр болады, қасына 5 мың куб су кететін резервуар салынбақшы.

– Бір ауысымда 21 адамбыз. Учаске бастығы Амантай Жазықбаев деген жігіт. Ұжыммыздың аузы бір, жас жағалы алғанда көпшілігі жастар деуге де болады, – деп Ислам ағамыз өзінгісін жаңастырды. – Әлбетте, ауызбіршілікте болғанда қай іс те оңынан орала береді. Топ адам бір адамға бағынса – болмағаны ма? Осыны түсінген жастарымыздың басына бағына білуі – бұл да бір игілік, бұл да бір жақсы әдеп. Үйде болсын, түзде болсын, осы әдебімізден таймаспақ, түбі қайырлы, жақсы болады. Ал енді орта жастан кетіп бара жатқан біздерге ізімізді басып келе жатқан осындай ұрпақты көргенде әулемізге мақтанып сезімі ұялайды.

Ислам ағамыздан акционерлік қоғамның ұжымдық шарықтау өз қызметкерлеріне көрсететін әлеуметтік жеңілдіктерінің қайсысын пайдаланғанын сұрадық.

– Мен бір рет Сарыағашқа барып емделдім, жыл сайын 1

реттік емделу жәрдемақысын алып тұрамыз, – деп ағамыз жауап берді.

Бір азаматтың сүйенері – өз отбасы, әйелі мен бала-шағасы. Ислам ағамыздың зайыбы Жапаева Ақжібек жеңгеміз көп жылдар банк саласында жұмыс жасаған, қазір бала-шағалар аяқталып, келін жұмыс, қолы ұзарғанын жұмысты қойып, номерлерін бағып үйде отыр. Аллаға шүкір, екі ұл – Руслан мен Аманжан өрбіген 5 номер – ата-әжесінің қызығы. Ислам ағамыз бен Ақжібек жеңгеміздің 1978 жылы дүниеге келген Руслан деген ұлдары келешік, келіндері Ләззат та сол жерде қызмет жасайды. Бұларда 2 бала. Қаржы полициясында жасайтын Амантай (1982 жылы туылған) 3 баласы бар, оның үйіндегі келін жеке кәсіптен айналысады. Ислам ағамыздың 1986 жылы туылған кенжесі Гүлнәз «Технотрейдинг» компаниясында есепші.

Құт-берекет дарыған отбасының қожасы Ислам ағамыз бен 35 жылдан бері осы үйдің жақсысын асырып, жамағанын жасырып келе жатқан Ақжібек жеңгемізге «Бахыттырлық ұзағынан болмай» дегіміз келеді.

ҚАСИЕТТІ ЕСІМ ИЕСІ

Біздің келесі кейіпкеріміздің аты да Ислам. Бұл қасиетті есімді алып жүру – бұл да адамға бір үлкен міндет, ауыр жүк пе деп ойлайсың. Қасиетің айналайын дана бабаларымыз балаларына жақсы ниетпен ат қоя білген ғой, шіркін! (Кейде, қыңырлығы ұстап қалып, ойда туса, Ойбай, қырда туса Қырбай деп те қоя салатын сол қайран бабаларымыз, көздері қалмады ғой бүгіндері, әттең...)

Пай-пай, шіркін, жусан ісі ақпаңан боз даламды мекендеген ата-бабаларымызды қай жағынан алып қарасаң да, бойлары тұнған қасиет еді ғой! Сондай алғанның сынақтарының кезін, соңғы легін, біздер, кішкене болса да көріп қалдық, құдайға шүкір! Табиғатымызға жат мәдениетте өскен біз – пұшдірлеген ұрпақ (көнес дәуірінде туып-өскендерді айтам), өзінен кейінгілерге не қалдырар екенбіз?! «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының 2-ші мұнай-газ өндіру кәсіпшілігінің 5-дәрежелі операторы Балтабаев Исламның әкесі Бесбай өзінен тұған ұлға алдақпан өмірден өтіп кеткен бабасының есімін куәлікке «әкесі» деген жерге жазғанын екен. Сөйтіп Ислам Бесбай емес, паспорт бойынша Жәумітбайлы болып шыға келді.

– Біздер жергілікті жағайлармыз. Менің әкем Бесбай деген кісі 1922 жылы дүниеге келген екен. Таушықта тұрған. Көкеміз Базарбай деген кісі Оңдиде жатыр. Ал Жәумітбай деген (соны кезінде әкемінен сұрап алмайтын), сіре, орны жоқ көкелеріміз бе екен

деп ойлаймын осы күндері. Қалай болғанда да әкесіздің мені Жәумітбайлы деп жаздыруыңда гөп бар. Әкем марқұм 1982 жылы 60 жасында дүниеден өтті, – деп Ислам ініміз өз өмірінен сыр шертті.

Баштабаев Ислам 1976 жылы Жетібай кентінде туылған екен. Соғысқа қатысып, жирақат алып елге оралған әкесі Бесбай әуелі Таушықтағы аэропортқа істейді. Кейін өндірісті жағылап, 1971 жылы Жетібайға қоныс аударады. Марқұм Бескең дүниеге 3 бала әкеледі. Тұңғышы осы Ислам. Одан кейін тағы бір ұл мен бір қыз бар.

– Әкесіз бағының тәрбиесін көрген адам, отызыншы жылдардың зобалаңын басынан кешірген, одан кейін сұралып соғыстың қан майданында балағымен қан кешкен, бір сөзбен айтқанда өмірдің тезінен өткен адам ғой. Қызыл империяның түкіросе түкірігі жерге түспей дүрділдеп тұрған заманында менің ағамды Ислам деп қоюдың өзі де оның иманының мықты болғанын

көрсетіп тұр. Еміс-еміс есімде, әкем түркімен жорасы болғанын айтып отыратын еді. Түркімендердің мерт екендіктерін, достыққа берік, аманатқа қиянат жасамайтын халық екендігін тамсанып, мақтап айтатын. Жәумітбай деген де Маңғыстауды мекендеген түркіменнің жәуміт тайпасының құрметіне қойылған ат ғой. Мүмкін, ойлаймын: бір жағалы аталарының аты ескерілмей қалмасын деп, бір жағынан түркімен тамырының құрметіне қойды ма екен деп. Маңғыстауды мекендеген қазақ пен түркімен, шын мәнінде, жақсы қоныс болған екен ғой кезінде, өкінішке орай, сол тарихи пындық қазір көп айтылмай жүр, – деп Ислам ініміз бір сәт еткенге ой жүгіртті.

Ислам 1992 жылы Жетібайдағы 3-ші орта мектепті бітіріп, Ақтау қаласындағы СІТУ-1-дің 8-айлық курсына оқуға түседі. Оны оператор мамандығы бойынша бітіріп шығады. Әуелі Жетібай кеңорында істейді, кейін, 1995 жылы Қаламқасқа ауысады. Содан бері осында.



– Кәсіпшілігіміздің бастығы Абылахан Мәлік деген жігіт. Бір ауысымда 70-тің үстінде адам жұмыс жасайды. Ұжыммыздың ауызбіршілігі жақсы, – деп Ислам өз ұжымы туралы да айтып өтті.

Орда бұзар отыздан кетіп, қырықтан да қырқасына жақындап қалған Ислам ініміз, құдайға

шүкір, отбасылы, балалы-шағалы. Келіншегі Майра Шамамдиева энергетикалық колледжде әдіскер. Ұл Баласы – Назерке, Ербекұлан, Назым өсіп келеді. Баурымызға және оның отбасына барлық жақсылықтарды тілейміз.

Тойған ТАСҚЫНБАЕВА

Жетібай кеңорны

МҰНАЙШЫ БОРИС

«Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнай дайындау кәсіпшілігінің 4-дәрежелі слесары Борис Борисұлы Белоусовтың осында жұмыс жасағанына биыл жиырма жылдан асқан екен.

Аты орыс болғанымен, заты қазақ Борис өз тумаларынан төрі, нағашыларының тәрбиесінде көбірек болғасын ба, тілі де, ділі де қазақша, тіпті есейе келе төлқұжатында ұлтын да қазақ деп жазғызды. Қылы-қылы тағдыр болады ғой. Маңдайға жазса, одан қашып құтыла алмайды екенсің. Алда тағала Бориске 1969 жылы Ресейдің Тамбов облысында дүниеге келуді жазған екен. 1974 жылы 5 жасар Бористы алып, авасы Гүлбаршын Ақтау қаласына көшіп келіп, осында біржола қоныс тебеді. Анасы Ақтау қаласындағы құс фабрикасының ашылған күнінен бастап икубатор меңгерушісі болып қызмет жасады. 1984 жылы мектеп бітірген Борис көршілес Туркменстанның Красноводск қаласында тұратын нағашылары Имановтардың қолына барып, сондағы мұнай техникумына оқуға түседі. Техникумды бітірісімен Бористы өскер қатарына шақырады. Өскери борышын отеп келген Борис азын-аулақ уақыт ХТМЗ-да слесарь болып істейді. Сосын Жетібай кеңорнына ауысады. Содан бері осында.

– Мен кіпкентайымнан нағашыларымыздың тәрбиесін көріп


өстім. Жазғы каникул болса, Красноводскіге кететін едім. Нағашыларымыздың руы – қосай, тіней. Менің тілім де, болмысым, психологиям – бәрі қазақша. Дінім – мұсылман. Тек атым орысша демессеніз. Өйсілім Гүлмира – қазақ жағайдың қазы. Жетібайда 30-жылдан аса мұнайшы болған Нуржаубай Намазов деген кісінің қызы. Алина, Айгерім, Жаңдос деген балаларымыз бар. Балаларымды өз атыма жазғыздым, куәліктерінде Борисқызым және Борисұлы болып жазылды. Тұңғышымыз Алина колледжде ағылшын тілі мамандығына оқып жатыр. Тінейдің бір ошағы болып есептелеміз, тінейді ағайын қыламыз. Қазақ болғаныма қуанамын, Аллаға шүкір айтсамын, өйткені қазақтай кеңпейіл халық жоқ. Қазақ арауықты сыйлаған халық, әулиелерін құрметтеген халық, ал иманның негізі осында жатыр, – деп Борис бізбен сыр бөлісті.

Қазір Борис «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнай дайындау кәсіпшілігінің 4-дәрежелі слесары болып істейді. Ұжымна сыйлы. Қырықтың қырқасына шыққан Борис өмірдің қамшының сабындай-ақ екендігін көз жеткізгенін айтады:

– Кеше ғана жас маман болып жұмыс бастағаным көз алдымда. Бәрі де хуші кеше болғандай. Уақыт шіркін зымырағанда, көз ілестірмейді екен ғой. Біз де жігіт ағасы болып қалғанымызды байқамай қалыппыз, – деп Борис өңгімесін жалғастырды. – Өндіріс туралы айтатын болсам, кәсіпшілік бастығы Сәндірбаев Ғалымжан, оның орынбасарлары Таңғышев Жанболат, Сияхов Наурыз деген жігіттер. Біз 11 слесарь өз алдымызға бригадалық. Құрал-жабдықтар жөндейміз. Қол қусырып отырмаймыз, жұмыс табылады. Бригадалық механик Күзембаев Бердібек басқарады. Жетібайдың жігіті. Технологиымыз Таубаев Қуанышбек. Құдайға шүкір, бригадалықмыздың ауызбіршілігі жақсы.

Компанияның өз қызметкерлеріне беретін әлеуметтік жеңілдіктерінің қайсысын пайдаланғанын сұрадық.

– Біз балажан халықпыз, баланың жағдайын көбірек ойлаймыз. Балаларымыз компанияның жазғы демалыс орындарына беретін жолдамаларымен бірнеше рет демалды. Үлкен қызғымыз



Алина кезінде «Алаудал» көп болды. Айгерім Қостанайдағы «Сосновый бор» лагерінде, Жаңдос Астанада болды, – дейді Борис.

Бақыттың отбасы, балашағадан да, қызметінен де таба білген Бориске айтарымыз: «Бақыттыңыз ұзағынан болмай! Балаларыңыздың қызығын көруді жазсын!».



Жер жаннаты Жетібайдың қызы Зәуре Маңғыстау топырағын алғаш рет 1987 жылы басқан болатын. Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетін бітіріп келген жас маманды жолдамамен Жетібай кеңорнына жібереді.

– Мен 1965 жылы Алматы облысы, Кетген ауданында дүниеге

келгенмін. Өкем Бағашар аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастағы, маман Мария Байқоджаева аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет жасады. Отбасында 6 бала болды. 1982 жылы мектепті бітірісімен мек Алматыдағы политехника институтына оқуға түсуге бел байладым, – деп Зәуре өңгімесін бастады.

КЕЛІН, ЖАР, АНА, МАМАН...

Тағдыр қазақ әйелінің бір басына осыншама көп нәрсені жазған екен. Біздің әңгімелескен мұнайшымыз Кенетаева Зәуре осы қатардан.

Бір қызығы, мамандық таңдауға келгенде Зәуре өмірінде көріп-білмеген мұнай өндірісіне таңдау жасады. Өрине, теледидардан, газет-журналдан Қазақстанның батыс өңірінде, оның ішінде Маңғыстауда мұнай өндірудің гүрлідеп тұрғандығын көріп, оқып тұратын еді. Жас қыздар қиялшыл келеді ғой, сол кездегі кеңестік саясаттың да ықпалы болды ма, сонымен Зәуре өзіне беймәлім мұнайшы мамандығын меңгеруді ойлады. Институтқа өп дегенде түсті. Студенттік 5 жыл көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Диплом қолда, жас мұнайшыға жұмысқа жолдама сонау Жетібай кеңорнына берілді. 1987 жыл, кеңестік дәуірдің құлдырауының сәл-ақ алды. Осы жылдары үкімет басшыларының бірінен соң бірі ауысты, сідс үлкен бір өзгерістер болатындай бір қарбалас бар. 1982 жылы Брежнев қайтыс болды, одан кейін Андропов пен Черненко келді, олар да ұзақ тұрақтамады. 1985 жылы мемлекет басшылығына Горбачев келді. Қайта құру, сөз бастандығы, демократия деген ұғымдар ашық айтылып, сідс тыныштық кете бастаған кез. Өндірісте де проблемалар қордаланып, экономика тығарыққа

тірілген бір өліара кез. Мұнай өндірісі Мәскеуге қарайды, билік солардың қолында. Зәуренің өмір жолының бастауы осындай бір қиындау кезеңге тап болады.

Мұнайдағы жолын Зәуре операторлықтан бастады. Қыздық жолы жіңішке болады ғой, көп ұзамай 1990 жылы осы Жетібайдың Баспиев Бүркіт деген жігітімен отбасын құрады. Албанның қызы алайдың отбасына келіп болып түседі.

– Басында қиындау болды. Бөтен ең, бөтен салт-дәстүр. Бірақ инет қойсаң бәрін де үйренеді екенсің. Ата-енемнің қолында 4 жылдай тұрды. 1994 жылы Ақтаудан үй алып, ата-енеміздің батасымен бөлек шықты. Аллаға шүкір, отбасы құрғанымызға жиырма жылдан асып кетті, бес баламыз бар. Төрттеу қыз, біреуі ұл, – деп Зәуре өңгімесін жалғастырды.

Балалар өскен сайын олардың керек-жарағы да көбейді. Зәуре отбасының асыраушысы – жолдасы Бүркітке қолқабыс бермекші болып жұмысынан қалған жоқ. Бірақ карьера кутан жоқ. Жоғары білімі бола тұра, қарапайым операторлықты мәсе тұтып жүр. Өйткені осы жұмыста

жүріп отбасының шаруасына да алаңсыз қарайлас алады.

– Ауысыммен істеу мен үшпін ыңғайлы. Отбасыма көп көңіл бөле алам. Балаларымыз үшеуі әлі мектеп оқушылары, сондықтан менің үйде көбірек болғаным дұрыс, – дейді Зәуре.

Зәуре Кенетаева жасайтын кәсіпшілікте (ЦППД) 80 адамдай жұмыс жасайды. Өсіресе жастар көп. Кәсіпшілік бастағы Жақсығатов Қуан, орынбасарлары Әбілқайып Түгелбай мен Сағындықов Нағим, шебер Арысов Қылыш деген жігіттер.

– 1987-ден бері осы Жетібайда жұмыс жасап келе жатырмын. Ұжымым ағайындай болып кетті. Сондықтан да осы сәтті пайдалана отырып, ұжымдастарыма жақсы тілек айтып келіп отыр. Барлықтарының отбастарына бақыт, денсаулық тілеймін, – деп Зәуре өңгімесін тамамдады. – Жаз болса бала-шағамды алып, төркіңдеп келетінім бар. Қазіргі кезде төркіңдерім таудың арасында орналасқан Қосай деген керемет жерде тұрады. Бірақ, бір қызығы, ол жаққа қалай асығып жетсем, бірлама уақыт өтісімен туған топыраққа айналған Маңғыстауыма келуге де солай асығам...

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Нұрманов Сәбден Хамитұлы – 1 қазан, ТҮІШ, электргаз дәнекерлеуші
 Капулер Сергей Владимирович – 14 қазан, слесарь-жөндеуші
 Тоқсанов Әбілғазы Қармысулы – 16 қазан, МЛЖТБ, тазалаушы
 Куванов Азат Айтбайұлы – 19 қазан, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының орынбасары
 Жұмағазиев Сүлеймен Түркенбайұлы – 24 қазан, өндіру жөніндегі оператор

55 жас

Суйевова Рыскул Надировна – 10 қазан, еңбекті ұйымдастыру және нормалау жөніндегі аға инженер
 Мунатбаев Сарымсергей – 30 қазан, столяр
 Нұрғалиева Гулнаризада Кабжанова – 25 қазан, клинско-диагностикалық лабораторияның меңгерушісі
 Нүрпейісов Ерболат Мухамбетович – 20 қазан, токарь
 Дузенов Бұхарбай Дузенович – 15 қазан, автомобиль жүргізушісі
 Досаева Жұмаш Шынжырбекқызы – 18 қазан, ҚКҮЦ, өндіру жөніндегі оператор

50 жас

Мейіров Саяхат Усимбайұлы – 2 қазан, слесарь-жөндеуші
 Қосанов Досан Өтемағанбетұлы – 3 қазан, өндіру жөніндегі оператор
 Баймуратов Әділғазы Құрбандұрдыұлы – 13 қазан, ТҮІШ, электрогаз дәнекерлеуші
 Румянцева Алла Павловна – 16 қазан, салқындату қондырғыларының машинисі
 Биялиева Клара Басерқызы – 29 қазан, ҒЗЖӨЖЦ, лаборант
 Ботаева Жаңылдық – 31 қазан, ҒЗЖӨЖЦ, лаборант

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

Ережелер (ұйымдар туралы, құрылымдық бөлімшелер туралы, лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері туралы, ынталандыру туралы және т.б. ережелер)	– Положения (об организациях, о структурных подразделениях, о правах и обязанностях должностных лиц, о премировании и т.п.)
Тапсырыстар (бюджеттік, банктік, зейнеткерлік тапсырыстар, төлем тапсырыстары)	– Поручения (бюджетные, банковские, пенсионные, платежные)
Белгіленген тәртіптер (ішкі еңбек тәртібі, қолдану тәртібі, жұмыс тәртібі, технологиялық және т.б. тәртіптер)	– Правила (внутреннего трудового распорядка, пользования, работ, технологические и т.п.)
Баға және қызмет көрсету прейскуранттары	– Прейскуранты цен и услуг
Бағдарламалар (даму бағдарламасы, стратегиялық бағдарлама, қысқа мерзімді бағдарлама, өндірістік-техникалық бағдарлама, мақсатты бағдарлама, жұмыс жүргізу және шаралар бағдарламасы, ғылыми бағдарламасы, оқу бағдарламасы және т.б. бағдарламалар)	– Программы (развития, стратегические, краткосрочные, производственно-технические, целевые, проведения работ и мероприятий, научные, учебные и т.п.)
Хаттамалар (шетелдік өкілдермен кездесу хаттамасы, келісу хаттамасы, комиссия қызметінің хаттамасы, кеңестер жұмысының хаттамасы және т.б. хаттамалар)	– Протоколы (встреч с представителями зарубежных стран, согласования, комиссий, советов и т.п.)
Штаг кестелері және оған енгізілген өзгерістер	– Расписания штатные и изменения к ним
Штагтық орналасу және оған енгізілген өзгерістер	– Расстановки штатные и изменения к ним
Регламенттер (халықаралық кездесулер регламенті, ұйым алқалы органдары жұмысының регламенті, есепке алу регламенті және т.б. регламенттер)	– Регламенты (международных встреч, работ коллегиальных органов организаций, учета и т.п.)
Банктерге жолданатын чектердің, бюджеттік тапсырыстардың тізімдері (реестрлері)	– Реестры чеков, бюджетных поручений, направляемых в банк
Ұсынымдар немесе рекомендациялар (методикалық, ғылыми-әдістемелік және т.б.)	– Рекомендации (методические, научно-методические и т.п.)

Туған жерім

*Туған жерім, ата-қоныс мекенім,
 Теңеу барма, өзіңе жер жететінім.
 Жер жұмағым қадіріңді қастерлеп,
 Өмір бойы сені жырылап өтермінім.*

*Туған жерім, ол қазақтың даласы,
 Қорғайтаған көзіңді қарасындай.
 Еңселі ел, еңбекшіл ор алашым,
 Жерін сүйген, ардақты анасындай.*

*Кайыптасы:
 Ортаймасын берекелі қырманым,
 Ортаймасын дастарханың жиганың.
 Ел жұртың тыныш болсын, байлығың.
 Шарықтасын шаттығың мен думаның.*

*Арайласын әрбір атқан таңдарың,
 Керік беріп, ну орманың көлдерің.
 Шабыт беріп, асқар тауың белдерің,
 Ұлтжанды боп, өссін алға балдарың.*

*Туған жерім, бабам жауды қайтарған,
 Таңбалы тас, табиғаты жасайқалған.
 Асыл дәстүр, киелі топырағы,
 Ұрпағына аманат боп ол қалған.*

*Туған жерім, өзің менен бақ қандай,
 Домбыра үнмен, далам күмбір қаққандай.
 Көз тастасам, ұлан байтақ далама,
 Далам тұнады, бабам жырылап жатқандай.*

*К.М. Қанатов,
 «ОТК» ЖШС жүргізушісі*



Мұнайлы Олке

Мөніш иесі:
 "Мұнайгазқұрылыс" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов
 Редакция алқасы: А.Ақшаева
 Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
 130060, Ақтүу қаласы
 6 ш.а., № 1 ұй,
 тел:
 211-736, 212-286

Газет айына 1 рет
 шығады.
 Тегін таратылады

Газет ҚР
 Мәдениет және
 ақпарат
 министрлігінде
 есепке
 қойылып,
 № 9675 - Г
 күенлі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы
 автор пікірі редакцияның
 көзқарасын білдірмейді
 ■ Редакция оқырман хаттарына
 жауап бермейді және оны
 қайтармайды
 ■ Жарияланған материалдарды
 сілтемесіз көшіріп басуға
 болмайды

Газет АҚ-ның
 жұртшылықпен
 байланыс тобы-
 ның компьютері-
 рінде теріліп,
 беттелді.

Индекс: 64265
 Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT"
 ЖШС
 баспаханасында
 басылды.
 Ақтүу қаласы,
 22 ш.а.
 тел: 750750
 Тапсырыс:
 736